



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Деректі фильм. Тақырыпты
қатырыпты





Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Деректі фильм. Тақырыпты қатырыпты

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар. Ендігі кезек деректі фильмдерге келіп жетті. Олардың сипаты қандай? Мәтінін жазғанда неге сүйеніп, неден қашу керек. Белгілі американдық маман Роберт Хиллиардтың «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрісімізді осы тақырып бойынша жалғастырамыз. Ал бүгінгі әңгіменің екінші бөлігінде қазақ тіліндегі мақалалар мен деректі фильмдерге тақырып коюдың қыр-сырына қанықтырамыз.

Жекелеген мамандар мен сыншылар деректі фильмді жаңалықтар мен ақпараттық өнердің биік шыңы деп санайды. Роберт Хиллиардтың пайымдауынша, деректі фильмдер ақпаратты жеткізеді және нақты көзқарасты білдіреді. Мәтіні жақсы жазылған деректі фильм әлеуметтік, саяси және экономикалық салаларға терең ықпал етеді. Тіпті елдің заңдары мен үкіметтің ережелерін өзгертуге де үлес қосуы мүмкін.

Деректі фильм тікелей жаңалық емес, оның ішінде сұхбаттар мен сұрау салулар да жүре береді.

Бір кезде Америка Құрама Штаттарында «60 минут» бағдарламасымен даңқы шыққан Дон Хьюитт тек нақты адамдардың нақты оқиғаларды еске алуымен айналысқан. Ал тарихты әңгімелеу ешқашан жаңалықтардың аясына сыймайды дейді Роберт Хиллиардтың өзі. Жақсы деректі фильмнің ішінде драма да, терең зерттеу де, тарихқа қатысты аудиторияның көзқарасы да жүреді.

Деректі фильмдер әдетте толық метражды болып түсіріледі. Оның өндірісі айтарлықтай қымбат. Әрі жоғары рейтинг те әкелмейді. Оларды аудиторияға барынша тартымды ету үшін эфирге қысқартылған нұсқасын ұсынып жатады.

Бұған мысал ретінде атақты поп жұлдызы Майкл Джексон қайтыс болған соң түсірілген сансыз деректі фильмдер сериясын келтіруге болады. Ал ұзын-шұбақ осы сериялардан терілген поп жұлдыздың жанжалды тұстарына ғана тоқтаған деректі фильм көрермендер көңілінен шықты. Сондықтан Дискавери мен Хистори Канал тек жарты сағаттан бір сағатқа созылатын деректі фильмдерді ұсынуды дәстүрге айналдырды.

Деректі фильмге мәтін жазу үшін автор жиналған материалдарды жан-жақты зерттеуі, сараптама жасауы және бағалай білуі керек. Мұнда тарихи бейне және аудио материалдармен қатар сол тарихты қайталайтын көріністерге кең орын беріледі. Кейіпкерлердің өмір сәтін актерлерге ойнатады. Деректі фильм жаңалықтағы жаңа тарихтан жақында немесе баяғыда болған оқиғаға арналғандығымен ерекшеленеді. Бұл формат көрерменді ойландыру үшін қажет. Және олардың сезімінде ойнайды.

Деректі фильм сценарийін жазғанда автор өз ойын тықпалай бермей, сарапшылардың пікіріне кең орын береді. Кейіпкерлер туралы ақпарат молынан қамтылады. Олар жан-жақты сипатталады.

Роберт Хиллиард деректі фильм нақты кейіпкер мен өмірде болған оқиғаны негізге алып қана түсіріледі дейді. Оған кейіпкердің жарияланған немесе жарияланбаған хаттары, оның фонографқа немесе таспаға жазылып қалған дауысы, суреттері мен фотолары және ұстаған заттары мен тағы басқалары толық пайдаланылады.

Кейде құрғақ фактінің негізінде фильм түсіруден жүрексінеу керек. Оларды автор барынша тартысты ете алады. Ойдан оқиға қоспайды. Бірақ сценарий желісін барынша өріп отырады. Адам тағдыры ешқашан ешкімді бей-жай қалдырған емес.

Сол тарихи проблема неден туындады? Аяғы неге ұрындырды? Осыны зерттеген кезде жанжалды жағдайлар анықталады. Тақырыпты індету, шарықтау шегіне жеткізу сценарий жазушы автордың басты міндеті деп санайды Роберт Хиллиард.

Мұндай медиа өнімде көп ретте әңгімелеуші эфирде отыруы мүмкін. Бірақ оны өте ұзақ әрі жиі көрсетуге болмайды. Онда деректі фильм

білім беру бағдарламасына немесе дәріске айналып кетеді. Осыны ескеріп отырған ләзім.

Жақсы деректі фильмнің өз көзқарасы мен түйіні болмақ. Демек деректі фильм жазылып түсірілерден бұрын не үшін керек деген сұраққа нақты жауап алынады.

Осымен біз дәрістің келесі бөлігіне өтеміз. Онда мақала мен телевизиялық өнімге тақырып қою тәсілдеріне тоқталамыз.

II.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары «тақырыпты қатырыпты» деген сөз редакция журналистерінің арасында ең көп айтылатын. Бұл өзара ресми емес жарыстың бір түрі еді. Кімнің тақырыбы шебер қойылады газет нөмірі шыққан күні соның бөркі қоқырайып жүретін.

Тақырыптың өзі де – мақаланың бөркі. Оқырманның көзі ұсақ мәтіннен бұрын ірі әріппен терілген



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Деректі фильм. Тақырыпты қатырыпты

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

тақырыпқа түседі. Ол тартымды болса астындағы мақала оқылады.

Тақырып мақаланың бөркі демекші, біз бірде осы бас киімге қатысты, бірақ терең мағыналы басқа да астар беретін тақырып қойдық. Онда Татарстанға журналистік сапармен бардық. Қайтып келген соң «Түркі тілдес түгел бол» деген рубрика бойынша мақала жаздық. Оның алдында Солтүстік Кавказ етегінде тарыдай шашылып қалған ноғайлардың проблемасынан мақала жазғанбыз. Ол мақалаға «Он сан ноғай. Ол қайда?» деген тақырып қойғанбыз.

Енді татар халқына арналған мақаланы жазуға кірісерде оған лайықты тақырыпты іздедік. Алдымен Татарстанда не көрдік, кімдермен сөйлескенде қандай ой түйдік, соның бәрін еске алдық. Еске алғанда көзді жұмып отырып, елестетпейміз. Сапар барысына арналған қойын дәптерді ашамыз. Қай жерде болдық, онда не көрдік және кіммен сұхбаттастық, соның бәрінің жазбалары сайрап тұр. Соны оқығанда көргенің мен естігеннің бәрі атойлап, анталап қайта шыға келеді.

Көп жерде болдық. Алдымен Қазан кремлін аралаған едік. Тарахи орын. Ескі қорған. Көбі қайта қалпына келтірілді. Бір тұсында кезіндегі дәулеті шалқыған елдің сарқындысындай ғимараттар бар. Енді бір жағында сол халықты отар қылған өктем күштің ықпалын, өр көкіректегін бақатқан шіркеулер, сенбірек құятын шеберханалар. Не керек екі ұдай күйде жүресіз. Сүйінбике мұнарасы тұр. Азат халықтың соңғы билеушісі. Анығында билеуші баланың анасы. Аңыз бойынша Иван Грозныйға күйеуге тимеу үшін жеті қабатты мына мұнараны салдыртып, жетінші күні содан секірген. Ару денесі жерге тимей аққу болып ұшып кеткен. Аңыз бойынша солай. Ақиқаты сәл басқарақ. Осы тұстан тақырып іздеуге болар еді. «Аққуға айналған арман» деген сипатта. Ол көңілімізден шықпады. Ары қарай іздедік. Қазанның сыртында төрт сағаттай жолда баяғы Бұлғар қаласының орны жатыр. Бұл халықтың ең бірінші астанасы. Онда ұлттың өзінің атауы осылай бұлғар атанған. Соны тілге тиек етіп тақырып шығаруға да болады. Айталық «Бұлғардың бұлғыр елесі» немесе «Бұлғарда қалған бостандық» дегендей. Оған көңіл толмады. Тағы іздендік. Басқа не көрдік? Тақырыпқа өзек етердей толымдысы қайсысы?

Ғалымдармен сұхбаттарды қарадық. Қазан Кремліндегі музей мамандарының пікірлерін парақтадық. Біреулері Алтын Ортаны айтыпты. Тіпті аңсапты. Жалпы Алтын Орда жөнінде татар ғалымдары ресейлік әріптестерімен үнемі пікір таластырып жатады. Екі жақ та өз дегендерінен қайтқан емес. Ресей жағындағылары Алтын Орда орыс ұлтының дамуын тежеді деген қисыннан айрылмаса, Татарстан жағындағылары керісінше Алтын Орда бұл аймаққа жаңалық, даму толқынын әкелді дейді. Екі жақта да дәлел жеткілікті. Сондықтан үнемі итжығыс түсіп жүр.

Алтын ордадан тақырып шығаруға көңіліміз соқпады. Өйткені, татар жұрты оның бір ғана бөлшегі. Ол тағы басқа қаншама халыққа ортақ, оның ішінде қазаққа қатысты алып мемлекет болды. Демек тақырыпты тасқа тұстан іздеген ләзім.

Ақыры тақырыпқа не өзек болатынын таптық. Қазан Кремліндегі мемлекеттік музейде Қазан хандарының бөркін көрсеткен. Ол бөрік билік белгісі болған. Таққа отырған хан сол бөрікті киген. Сонда оны бәрі мойындап, алдына құлдық ұрған. Қазан Кремліндегі музейдегі бөрік көшірме ғана. Негізгі ханның басында болған бөрікті бұл қаланы жаулап, тас-талқан етіп қиратқанда Иван Грозный өзімен бірге Мәскеуге алып кеткен. Жалпы, ескі татар жырларында, көне жазба әдебиеттерінде оны Яуыз Иван, яғни Жауыз Иван деп айтып, жазған. Қазіргі ресми және тарихи еңбектерде олай жаза қоймайды.

Сонымен шын билік белгісі болған нағыз бөрік Ресейде. Мәскеудегі музейде тұр. Татар жағы қанша сұраса да, орталық илікпеген. Енді бұлар амал жоқтықтан көшірмесін жасатқан. Қазандағы музейде сол көшірме тұр.

Міне осы тұстан тақырып табылды. «Бөрік кеткенмен көркі кетпеген». Демек халық еркіндіктен жеке, тәуелсіз өмір сүруден айрылды. Оның белгісі болған бөрік басқа елдің қолына тұр. Бірақ татар халық ретінде сақталған. Тілі, мәдениеті мен діні өздерінде. Дәстүр-салты тағы бар. Ән-жыры, оның ішінде сырнайлатып салатын әндері сол баяғыдай. Демек, көркі әлі кеткен жоқ. Осының бәрін астарлап, әрі ойнақы етіп жеткізу үшін «Бөрік кеткенмен көркі кетпеген» деген тіркестен артық тақырып табылмайды. Міне, тақырып мақаланың бөркі дей тұрып, біз бірде «бөрік» деген сөздің өзін әдемі тақырыпқа пайдаланып едік.

«Жұмыртқа бірінші пайда болды ма, жоқ тауық па?» деген ешқашан тоқталмас дау сияқты «алдымен тақырып қойылып, содан соң мақала жазыла ма, әлде керісінше ме?» деген сұрақтың нақты жауабы жоқ. Екеуі де тәжірибеде бар. Кейде алдымен тақырыбын қойып алып, барлық ойды содан өрбітіп мақала жазуға болады. Бірақ кейде жазу үстінде ойың өрістеп, қарымың кеңіп, ауқымың артқан сайын әлгі тақырыбыңның тарлық еткенін аңғара бастайсың.

Басқа бір уақытта алдымен шартты тақырып қойып, барлық ойды кестелеп шығасың. Кесте толық



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Деректі фильм. Тақырыпты қатырыпты

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

түскен соң, яғни мақалаң ойдағыдай жазылып біткенде барып оған енді лайықты тақырып іздеуге кірісесің. Мұндайда бір қызығы қоятын тақырыбың кейде сол мақалада жазып кеткен сөздеріңнің арасында тығылып жатады. Бір орайлы тіркес өз жазбаңның ішінде тұруы ғажап емес. Демек жазғаныңды қайтадан бажайлап оқығанда көңілге қонымды, тақырыпқа лайық тіркесті көресің. Кейде оны сол қалпы ойып алып жоғарыға шығарып, бөрік етіп кигізесің. Кейде сәл өңдеп барып пайдаланасың.

Бұлай іздеудің бір мысалы көңілімізден өшпестей болып сақталған. Тоқсаннышы жылдардың ең басында біз Ұлыбританияға іссапармен барып келдік. Ол кезде бұл елге қазақ журналистері бара қоймаған. Біз алғашқысы шығармыз. Келген соң бірнеше бөлімнен тұратын көлемді мақала жаздық. Онда Лондонның өзіміз көрген ерекшеліктеріне тоқталдық. Кеңес Одағы енді тарқап жатқан. Міна елдегі ерекшеліктерді сөзбен жеткізу қиындү. Бәрі өзгеше. Біздің жетпіс жылғы өмірімізге еш ұқсамайды. Қиғаштықтар да баршылық екен. Біз онда көше кептелісі дегенді көрмегенбіз. Кеңестік көліктер Алматының көшесіне еркін сыйып тұрған заман. Сосын жүргізуші автомобильдің оң жағына отырады. Полиция қызметі мен түнгі клуб, патшайым сарайы алдындағы күзеттегі гвардия мен көшеге өмір сүретін адамдар. Еркін айналымдағы құнды ақша, көп бпғатты керемет дүкендер. Не керек көрген білгеніміздің бәрін кейде тамсана, кейде жиіркене жазып бітірдік. Ол енді осындай мақалаға тақырып тауып көріңіз. Басымыз қатты. Не істейміз. Өз мақаламызды қайтадан, тақырып іздеу үшін індете оқып отырып, ең соңғы сөйлемге көзіміз түсті. «Лондонның қаймағы мен қаспағы осындай» деп аяқтаппыз. Мұнда тығылып тұр екен дедік те, «Лондонның қаймағы мен қаспағы» деп тақырып шығара салдық. Иә, қаймақ ең жақсысы, көпке көрініп тұрады. Ал қаспақ сүйкімді нәрсе емес, қазанның түбінде қалады. Лондонды алып қазақ десек біз көрген жақсылықтары қаймағы да, бірге ерсі көрінген түнгі клубтағы әрекеттер, көшеде ұйықтайтын қаңғыбас адамдар оның қаспағы болып тұр. Бұл тақырыбымыз басшыларға да оқырмандарға да қатты ұнады. Тақырыпты мәтіннің өз ішінен іздеудің бір мысалы міне да осы болар.

Мақаланы редакциялау барысында тақырыпты өзгерту, анығында түлету барлық редакторлардың қолынан келе бермейді. Оны жетілдіру тура балтаны қайрағандай екенін жас кезімізде көрген бір мысалдан аңғардық.

Сол жылдары республикалық газетке Қарағанды облысынан мақала түсті. Қарқаралыда болған ауыр оқиға ізімен жазылған. Алыс ауылдың қиырдағы қыстауында тұратын шопанның қызы бірінші сыныпқа баратындықтан, оны әке-шешесі қалада тұратын әжесінің қолына береді. Бірнеше күннен соң қаланы жақсы білмейтін жас бала адасқан. Мектептен үйге келмеген. Қаланың іргесінен Қарқаралы тауы басталады. Жакпар тас, жыныс орман. Немересінің қайтпағанына алаңдаған әже кештетіп өзі іздейді. Таппайды. Ертесінде таңертең және кешке жарты сағаттан эфирге шығатын аудандық радио торабына барып, немересінің жоғалып кеткені туралы хабарландыру беруді сұрайды. Ондағылар бұл хабарландыру тек аудандық партия комитетінің рұқсатымен беріледі деп шығарып салған. Аудандық партия комитетіне барса, қыздың жоғалып кеткені туралы хабарды айтуға рұқсатты бірінші хатшының келісімінсіз бере алмаймыз дейді. Дәуірлеген совет заманында адамды адасты деп айтуға болмайды дейді. Кемпір болса бірінші хатшыға кіре алмай екінші күн де өте шығады. Үшінші күні кішкене қыздың денесі табылды. Әлде қорыққаннан, әлде аштықтан, әлде суықтан, неден болса да қаладан жарты шақырым жердегі ағаш арасында өліп қалған. Бұл қыздың орманда жылап жүргенін саңырауқұлақ па, жидек пе бірдеңе теруге шыққан орыстар көріпті. Орысша білмейтін кішкене бала адасып жүргенін айта алмаған. Егер радиодан жергілікті тұрғындар дер кезінде құлағдар етілсе, оны жетелеп алып келуге болады екен. Міне, осындай өте қайғылы жәйтті баяндайтын мақаланың тақырыбы «Орманда адасқан қыз» еді.

Былай қарасаң өте түсінікті. Қыздың орманда адасқаны рас. Ал, газеттің редакторы қайтті? Бұл тақырыпты сызып тастады да, өзінің қолымен «Адасқан кім?» деген тақырып қойып берді. Ойлап қарасаңыз, адасқан кішкене қыз ба, жоқ оны іздеуге безбүйректік танытып, тым-тырыс отырып алған қоғам ба? Бір тақырыптан дүниені аударып тастауға боларын сонда аңғарғанбыз.

Көп жағдайда тақырып мақаланың өз ішінедегі сөздерді ұштап, жетілдіруден де пайда болады. Оған шағын мақаланы мысалға келтірейік. Шаруашылық басшысы алқаптағы астықты ара-тұра ұшақпен бақылайтыны туралы жазылған. Мәтіннің ішінде «кейде директор осылай ұшақты кеңсе етеді» деген сөйлем бар. Міне, осы сөйлемнен «Аспандағы кеңсе» деген ерекше тақырып шықты.

Қазақтың біртуар жазушысы Таһауи Ахтановтың мерейтойына арналған мақаланың ішінде майдандасы, замандасы Қасым Аманжоловтың «Қолымда найза, Шағылып айға» деп басталатын өлең шумағы келтірілген. Тәжірибелі редактор мақаланың таптауырын тақырыбын сызып тастап, «Айға шағылған найза» деді.

Енді, тоқтаңыз. «Айға шағылған найза» - осыдан не байқадыңыз. Тақырыптың ішкі ырғағы, үйіріліп



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Деректі фильм. Тақырыпты қатырыпты

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

тұрғаны. Бірінші сөздегі «ай» үшінші сөздің ішінде айналып келгенде осындай иірім пайда болған. Мұны кейін өз романына ат таңдағанда Шерхан Мұртаза да пайдаланды: «Ай мен Айша».

Ішкі ырғақ пайда болуы үшін тақырып үш сөзден тұрады. Ырғақпен қатар мақаланың мазмұны ашылуы керек. Айталық, қазақ журналистері арасында Нью-Йорктен алғаш мақала жазғанымызда оның тақырыбын «Тас орманның тасасында» дедік. «Тас» бірінде жеке сөз, екіншісінде басқа сөздің бірінші буыны ретінде екі рет қайталанып, ырғақ берсе, жалпы зәулім үйлерден тұратын, сондықтан тас орман сияқты Нью-Йорктің тасада тұратын ерекшеліктері көп. Тақырып қай жағынан қарасаң да, өзін ақтайды.

Мұндай тәсілді кейін кітабымызда қолданып көрдік. «ЖЕР МЕН АСПАН арасындағы дастан» жинағымыздағы барлық мақаланың тақырыбында бірінші және үшінші сөздер ұйқасты. «Сиыр төңірегіндегі шиыр», «Шаян хақындағы баян», «Есек шығарған есеп», «Тарбаған қайда бармаған» дегендей. Жалпы бұл кітаптың тақырыптарының бәрінің осылай ұйқасып қойылуы бір форма жасаудың үлгісі.

Бұл үлгі оған дейін де болды. Қадыр Мырза Әлидің «Домбыра» атты кітабының тарауларын қарап шыққан адам тұтас кітаптың бір форма екенін байыптайды. Мұна кітап екі тарауға бөлінген. Біріншісі «үстіңгі ішек» деп, ал екіншісі «астыңғы ішек» деп аталған. Кітаптың кіріспе өлеңі болса «кұлақ күйі» деп берілген. Әр бөлім пернелерге бөлінген. Міне, форма табу деген осы. Бір мақала немесе сценарий емес, тұтас кітапқа форма жасап шыққан Қадір ағамыздың шеберлігіне тәнтіміз. Осындай форманы Жүмекен Нәжімеденовтің, Жүсіп Қыдыровтың сол тұстағы жыр жинақтарынан да көресіздер. Демек, ізденген адамға үлгі көп.

Екі сөзден тұратын тақырыптардың да үйлесімді болғаны жақсы. Қайбір жылы Пәкстанға бардық. Жолсапар очеркімізге «Пәранжасыз Пәкстан» деген тақырып қойдық. Екі сөз де «пә» деп басталғандықтан ырғақ бар. Екіншіден Пәкстан мұмылман мемлекеті болғанмен, Ауғанстанға қарағанда мұнда әйелдер бетін пәранжамен бүркімейді. Үшіншіден очеркте бұл мемлекеттегі азаттық күрес тарихы, халықтың тұрмысы, сауда-саттығы, өндірісі, ауыл шаруашылығы, өнері және басқасы барынша қамтылды. Бүркемесіз көрсетілді. Тағы бір мысалға ғарыш айлағына алғаш барғанда жазылған «Байқоңыр «бәйшешегі» атты тақырыбымызды ұсынамыз. Екі сөздің де бірінші «бай» мен «бәй» буындары өзара ұйқасып тұр. Ал зымыранның ұшар сәтінде оны қаусырған фермалардың ашылғаны бәйшешекті көзге елестетеді. Тақырыптың өзі ғарыш айлағының образын беріп тұр. Демек, екі сөзден тұратын жарасымды тақырып қай жағына қараса да, мақаланың бөркі болуға лайық.

Бір-ақ сөзден тұратын тақырып сирек кездеседі. Бұл – өте абай болатын жағдай. Өйткені, бір сөзбен мақаланың басты сырын әйгілеу қиын. Оның үстіне бір сөзден тұратын тақырып газеттің бір бетін алып тұратын көлемді мақалаға лайық. Қайбір жылы Күләш Байсейітованың мерейтойына беделді газет бір бет арнап, «Бұлбұл» деген тақырып қойды. Жарасымды. Десек те, бір сөзден тұратын тақырып мақаладан гөрі романның атына лайық екенін ескеріп, оған көп үйір болмаған жөн.

Керісінше кейде шұбыртпалы көп сөзден тұратын тақырыптар көзге шалынады. Оған да абайлап қарау керек. Бұл нағыз шеберлердің жүрегі дауалайтын нәрсесі. Басқалар көлдей ұзақ тақырып қойса, бүлдіреді. Ал шеберліктің мысалын келтірейік. 1990 жылдар басында Моңғолиядан еңбек шарты бойынша алғаш қазақтар көшіп келе бастады. Еңбек министрлігі оларды аймақтарға квотамен көшіріп жатты. Енді әр облыс оралмандарды қабылдау үшін өз бюджетінен қаржы бөледі. Бюджетті бекіту – мәслихаттар құзырында. Сонда Целиноград облыстық мәслихатының Қуанышев деген депутаты бұл іске қарсы шығып, сөйлейді. Осы туралы мақала жазған журналист Жұматай Сабыржанұлы «Жүргендерге су ішіп, суан ішіп, Жуандығын көрсетті Қуанышев» деген тақырып қойды. Мақала шағын, тақырыбы өте үлкен. Бірақ, еш ерсілігі жоқ. Қайта тақырыпты көрген соң «су мен суан ішіп жүргендер» кім, «жуандығын көрсеткен Қуанышев кім» деп қызыға оқисың. Өлеңің екі жолы іспетті тақырыптың соңғы төрт буыны ұйқасып келгендіктен көңілге жатталып қалады.

Кейде тақырып контрасты түрде қойылады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында Қазақстанда жергілікті ұлттың тілінде сөйлеуге жаппай оқыту науқаны басталды. Бізге газет тілшісі ретінде мақала жазу тапсырылды. Қазақ тілін үйрету үшін ашылған бірнеше курстар мен орталықтарға бардық. Бәрінде үйренуге талап етушілер көп, бірақ оларды оқытуға қажет методика, оқулық, көрнекі құрал, тіпті өзіндік тәсілі бар оқытушылар жоқ көрінеді. Мақаланың тақырыбын «Қаламы бар, қағазы жоқ» деп қойдық. Яғни ниет бар да, оны орындап шығатын мүмкіндік жоқ.

Контрасты тақырып табудың өрісі өте кең. Табиғатта, адам өмір сүріп отырған ортада қайшылықты жағдай өте көп. Тіпті қазақтың мақалы мен мәтелінің, бейнелі сөзінің басым бөлігі осы негізде айтылады: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген мақалдың мағынасы да, «дос» пен «дұшпан», «жылатып» пен «күлдіріп» сөздері де контрасты. Контрасты тақырыптарды кейде әлгіндей қазақ



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу

Дәріс: Деректі фильм. Тақырыпты қатырыпты

Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

мақалынан табуға болса, кейде оны ақыдардың өлеңдерінен іздеу керек. Контрасты өлең жолдары Қабыр мырза Әлиде, Фариза Оңғарсыновада, Жарасқан Әбдірәшовта жиі ұшырасады. Ал сол Қадырдың өзі контрасты жолдардың ең мықтысын Жүмекен Нәжімеденовтен тауып қатты қызыққан. Бұл контрасты жолдар бар болғаны мынау екен: «Ауырлығы табыттай, жеңілдігі көбіктей». Осы екі жол қалай менің қаламына ілікпеген деп басын шайқаған. Иә, елдебір бір қарағанда қиын, бір қарағанда оңай мәселеге орай жазылған мақалаға дәл осы жолдар сұранып тұрады емес пе.

Кейінгі уақытта мақала тақырыбын хабарлы сөйлеммен жазу етек алды. Бұл интернет сайттарға тән тәсіл біртіндеп қағаз түрінде басылып шағатын үлкен газеттерге тарала бастады. Онша құптарлық әрекет емес еді. Айталық егде жастағы әйел жас бойжеткенше шаша қойса, киінсе ерсі көрінбей ме? Бұл да сол сияқты. Мысалға белгілі газеттің бір нөмірін келтірейік.

Бірінші бетке екі мақала сыйыпты. Тақырыптары: «Құрылыс жоспарларымен танысты» және «Атқарылған жұмыстың есебі берілді». Оқиганың не туралы екендігі көрініп тұр. Қайда екеніні соңындағы адресінен білуге болады. Бар болғаны кім танысып жүргенін білу үшін бүкіл мақаладан бір фамилия іздейсіз.

Газеттің екінші бетіне ауысайық. «Ауыл клубының беделі артып келеді», «Халықтың өзін өзі жұмыспен қамтуы мәселелері қаралды». Екі тақырыпқа тағы хабарлы сөйлем алыныпты. Жол-жөнекей жаза кетелік, «жұмыспен қамту» бір ғана ұғым болса, ол неге «мәселесі» емес, «мәселелері» болып көбейіп кеткені қызық көрінді. Хош, «тақырыбымыздан» ауып кетпелік.

Үшінші бетке келейік. «Аударма ғылымның дамуына жол ашады». «Жаңғыру жазудан басталады». Тағы екі тақырып – екі сөйлем түрінде жазылған.

6-бет. «Азық-түлік белдеуінің берері аз емес». «Еуразиялық кеңістікті жалғайды». «Шағын су электр стансасы іске қосылды». Төрт тақырыптың үшеуі сол баяғы тұтас сөйлемдер көрінеді.

Бар абыройды 7-беті жауып тұр екен. Тәубе. Нұрлан Балғымбаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған мақала «Бәйтерек» аталған. Авторы Өтеген Оралбаев – кезінде «Лениншіл жаста» қызмет істеп, Сейдахметтің тәлімін алған қаламгер, мақаласына хабарлы сөйлемді тақырып етуі мүмкін емес. Және Балғымбаевқа «Бәйтерек» сөзі дәл сипаттама болса керек.

Бар қуаныш осымен тынды. Сегізінші бетте төрт мақала тұр. Тақырыптары: «Заң талаптары қоғамның тыныштығын көздейді», «Аттылы полиция ұрыны аттатпады», «Академик Атшабаровтың ерлігі неге ескерілмейді?», «Қыздар гимназиясының ғимараты тарлық етуде». Үш хабарлы, бір сұраулы сөйлем тақырып болып шыққан.

10-бет. Үш мақала. Екеуінің тақырыбы сол баяғы сағыздай созылып жатқан сөйлем: «Мықтыларға ғана таңдау жасалады», «Италия әлем чемпионатына қатыспайды».

Соңғы 12 бетте «Сарайшықтан альбарелло табылды», «Қажымұқан көтерген тастың салмағы – 1020 кило» деп және екі хабарлы сөйлемді тақырыптан көрдік. Міне, үлкен газеттің жиырмаға жуық мақаласында хабарлы сөйлем тақырыпқа шығыпты.

Бар айтарын тақырыпқа бере салған мақалалар оқырманды қызықтырмайды. Айталық, бөркі – «Шағын су электр стансасы іске қосылды» да, астындағы жағырапиясы – «Оңтүстік Қазақстан облысы». Ортасын оқымай-ақ қойсын деген сияқты.

Тақырыпқа қатысты тағы бір талғам бар. Ол ешқашан тұйық райлы етістікпен аяқталмауы тиіс. «Күмбірлеген күй тыңдау» деген сияқты тіркесті ешқашан тақырыпқа қоюға болмайды.

Келесі дәрісіміз ұғымдарды, белгілі тұлғалардың аты-жөнін жауапсыз жазып абыройдан айтырылатындар туралы болмақ.

Он бірінші сабақты пысықтау:

Тақырып мақалада айтылатын негізгі жәйтті аңғартып тұрады
Кейде тақырыпты жазылған мақаланың өз ішінен табуға болады
Оны құрайтын сөздердің ішкі ырғағы мен үйлесімі болсын
Контрасты тақырыптар оқығанға қолайлы, әрі өзіне тартады
Сайтта болмаса, газет бетінде хабарлы сөйлемді тақырыпқа шығару шеберлік емес.